

**Зейнетақы төлемдерін алушылардың жекелеген санаттарына арналған зейнетақы төлемдерінің мөлшері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 21 қазандағы N 4123. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Зейнетақы төлемдерін алушыларды мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету және олардың материалдық жағдайын жақсарту мақсатында  
қ а у л ы е т е м і н :

1. 1998 жылғы 1 қарашадан бастап жасына байланысты зейнетақы төлемдерін толық көлемінде алуға құқығы бар зейнетақы төлемдерін алушыларға зейнетақы төлемдерінің мөлшері кемінде 3000 теңге болып, толық емес көлемінде мөлшері заңдарда айқындалатын тәртіппен белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері зейнетақыларының белгіленген мөлшерін 1998 жылғы 1 желтоқсаннан бастап төлеуді қамтамасыз етсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*